

## Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 18 желтоқсан N 1781. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.10.09. N 1028 қаулысымен. ~P981028

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығымен "Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 Жарлығын жүзеге асыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 1551 қаулысына P971551\_ сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қаржы

министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ереже бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 шілдедегі N 1061 қаулысының P971061\_

(Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 30, 274-құжат), көрсетілген қаулының 2-тармағын қоспағанда, күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1781 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің  
Қаржы бақылау комитеті (Қаржыминінің Қаржы

## бақылаукомы) туралы ЕРЕЖЕ

Миссиясы: бюджеттік қаражаттың мақсатты жұмсалуына, мемлекеттік меншіктің тиімді пайдаланылуына және оның сақталуын қамтамасыз етуге мемлекеттік қаржы бақылауын жүзеге асыру.

### I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті (бұдан әрі - Комитет) барлық деңгейлердегі бюджеттің атқарылуына, мемлекеттік меншіктің, қаржы ресурстарының, мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, Премьер-Министрінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құрылымына кіреді және өзіне бағынысты аумақтық органдардың жүйесінде Қаржы министрлігі құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде арнаулы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік басқару органы болып табылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі мен бланкілері болады.

Комитеттің облыстар мен Ақмола және Алматы қалалары бойынша басқармалары, сондай-ақ қалалардағы - облыс орталықтары мен облыстық бағыныстағы қалалардағы штаттық саны 20 және одан да көп адамнан тұратын бөлімдері заңды тұлғалар болып табылады, жедел басқару құқығында мүліктерге иелік етеді, банктерде ағымдағы және өзге де шоттары мен мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі болады.

5. Комитеттің құрылымы мен штаттық санын Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі, ал облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша басқармаларының құрылымдарын - Комитетпен келісім бойынша бөлінген санының шегінде осы органдардың басшылары бекітеді.

6. Комитет пен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған қаржы шығыстарын қаржыландыру республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігін ұстауға көзделген қаржының есебінен жүзеге асырылады.

## II. Басымдықтары

7. Комитеттің басымдықтары:

жалпы мемлекеттік және жергілікті бағдарламалар мен шараларды іске асыруға бөлінген бюджет қаражаттарының мақсатты пайдаланылуына;  
мемлекеттік меншіктің тиімді пайдаланылуы мен сақталуының қамтамасыз етілуіне;

мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың мақсатты және тиімді пайдаланылуына;

құқық қорғау органдарымен бірлесіп, сыбайлас жемқорлық пен экономика саласындағы қылмыстарға қарсы күрес жөніндегі шараларды жүзеге асыруына;

кінәлі тұлғалардың есебінен мемлекетке келтірілген материалдық залалдың толық өтелуінің және мақсатсыз пайдаланылған қаражаттың бюджетте қалпына келтірілуінің қамтамасыз етілуіне мемлекеттік қаржы бақылауын қамтамасыз ету болып табылады.

## III. Комитеттің міндеттері

8. Комитеттің негізгі міндеттері:

жергілікті бюджеттердің қалыптастырылуы мен атқарылуына, бюджеттік қаражаттың есебінен ұсталатын министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, сондай-ақ өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметіне, мемлекеттік меншіктің, мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік және мемлекеттік емес сыртқы заемдардың, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар қаражатының мақсатты және тиімді пайдаланылуына қаржы бақылауын жүзеге асыру;

мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарда ұрлау мен жетіспеушілікті, сондай-ақ қаржы қаражаты мен мүлікті тиімсіз пайдалану фактілерін болдырмау мақсатында тексерулер мен тексерістердің материалдарын қорытудың негізінде мемлекеттік қаражат пен ресурстарды ұтымды пайдалану, төлем тәртібін,

бюджет пен мемлекеттік бюджеттен тыс қорлармен есеп айырысуды жақсарту, бақылауды жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

#### IV. Комитеттің функциялары

9. Комитет пен оның аумақтық органдарына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында мынадай функциялар:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен Жоспарға сәйкес Комитеттің жұмысын жүргізу;

жергілікті бюджеттерді қалыптастыру мен атқару жөніндегі жұмыстардың жай-күйін кешенді тексеру;

республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың шығыстар сметаларының атқарылуына тексерулер мен тексерістер жүргізу;

мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуымен шаруашылық жүргізуші серіктестіктердің Тізіліміне сәйкес, белгіленген тәртіппен, мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің қатысуымен шаруашылық жүргізуші серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметтеріне тексерулер мен тексерістер жүргізу;

мемлекеттік және мемлекеттің кепілдігімен тартылған мемлекеттік емес сыртқы заемдардың, мемлекеттік органдар мен бюджеттік ұйымдар алған ізгілік және қаржы көмектерінің, сондай-ақ халықаралық қаржы-экономикалық ұйымдар мен донор елдердің техникалық көмек заемының тиімді және мақсатты пайдаланылуына, мемлекеттік лотореяларды өткізуге бақылау жасау;

орталық және жергілікті атқарушы органдардың, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлерінің шетелдік іс сапарларға жұмсаған қаражатына бақылау жасау;

Қазақстан Республикасының шет елдердегі елшіліктері мен өкілдіктерін қаржыландыруға бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуына тексеріс жүргізу;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерв қорынан бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына тексеріс жүргізу;

жедел айналыстағы вексельдер мен мемлекеттік қазынашылық міндеттемелерді өтеу үшін бөлінген бюджеттік қаражаттың мақсатты пайдаланылуына тексеріс жүргізу;

акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер есептеудің дұрыстығына және олардың бюджеттің кірісіне толық түсуіне бақылау жасау;

мемлекеттік органдар мен меншіктің барлық нысандарындағы ұйымдарға бөлінген бюджеттік қаражаттың пайдаланылуына және бюджеттік ұйымдармен

өзара қаржы-шаруашылық қатынастарына қатысты мәселелер бойынша тексерістер мен тексерулер жүргізу;

мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға тексерулер мен тексерістер жүргізу; өз құзыретінің шегінде Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментімен бірлесіп мемлекеттік меншікті жекешелендіруді жүргізу кезінде белгіленген тәртіптің сақталуына тексерістер, сондай-ақ шетелдік фирмалардың (инвесторлардың) басқаруына берілген мемлекеттік кәсіпорындарға тексерістер жүргізуді жүзеге асыру;

өз құзыретінің шегінде және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жоғары тұрған органдар мен әкімдердің тапсырмасы бойынша, өзге де орталық атқарушы органдардың өтінімі бойынша, азаматтардың хаттары мен өтініштері бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарға тексерістер мен тексерулер жүргізу;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі органдарының, Бас прокуратурасының ұсынысы бойынша және соттың шешімі бойынша мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметтеріне тексерістер мен тексерулер жүргізу;

аумақтық органдардың жұмыстарын ұйымдастыру, оларға бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуде практикалық және әдістемелік көмектер көрсету жүктеледі.

## V. Комитеттің құқықтары

10. Комитет пен оның аумақтық органдарының өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруы кезінде:

тексерілетін объектілерде тиісті құжаттаманы (жоспарлар, сметалар, есептер, бухгалтерлік, банктік және қаржы құжаттары) және ақша қаражаттарының, бағалы қағаздарының және материалдық құндылықтардың іс жүзінде болуын тексеруге;

тексерулер мен тексерістер жүргізу кезінде белгіленген тәртіппен министрліктерге, мемлекеттік комитеттерге және өзге де орталық, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға, мемлекеттік кәсіпорындарға, бюджеттік ұйымдарға, мемлекеттік банктерге, әскери бөлімдерге және олардың бөлімшелеріне бөгетсіз кіруге;

тексерілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың кассаларына, кассалық және қызмет бөлмелеріне, қоймаларына және архивтеріне сүргі салуға, ал құқық бұзушылық (құжаттарды өтірік жасау және жалған беру, бюджеттік қаражатты шығындау, ұрлау, зиянкестікпен пайдалану, мақсатсыз пайдалану) аңғарылған кезде белгіленген тәртіппен қажетті құжаттарды алуға, олардың алынғандығы

туралы акті жасауға және істерде алынған құжаттардың көшірмесін немесе қаттамасын қалдыруға;

тексерілетін ұйымдардың басшылары мен басқа да қызметкерлерінен тексеру мен тексерістің барысында пайда болған мәселелер бойынша жазбаша түсіндірме талап етуге және алуға;

тексерулер мен тексерістерге қатысу үшін басқа ведомстволардың мамандарын тартуға;

тексерулер мен тексерістердің процесінде тексерілетін ұйымның басшыларымен бірлесіп, анықталған қаржы тәртіптерінің, бухгалтерлік есеп жүргізу тәртібінің бұзылуын жою, келтірілген залалды өтеу жөнінде қажетті шаралар қабылдауға;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бекіткен нысан бойынша, әр кәсіпорынның (ұйымның) тұрғысында жарты жылдықтың нәтижесі бойынша ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік кәсіпорындар мен өзге де ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметтерінің нәтижелері туралы есептер алуға;

тексеру комиссиясының құрамында Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Тізбеге сәйкес шаруашылық жүргізуші серіктестіктердің қаржы-шаруашылық қызметтеріне тексерулер мен тексерістер жүргізуге қатысуға;

тексерулер мен тексерістердің материалдары, талдаудың нәтижелері бойынша мемлекеттік органдарға, ұйымдарға ашылған тәртіп бұзушылықтарды жою туралы, атқару үшін міндетті қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептер беруге, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіппен залалды өтеу және кінәлі адамдарды жауаптылыққа тарту жөнінде өзге де шаралар қабылдауға;

шығындау, ұрлау, қызмет жағдайын асыра пайдалану және тексерілген объектілердің қаржы-шаруашылық қызметіндегі өзге де құқық бұзушылықтар жөніндегі тексерулер мен тексерістердің материалдарын тергеу органдарына жолдауға;

тергеу органдарынан осы материалдар бойынша қабылданған шешімдердің нәтижелері туралы және егер ондай болған болса, материалдық залалды өтеу туралы мәселенің шешілуі жөнінде ақпарат алуға;

салық заңдарын бұзу фактілері анықталған жағдайда материалдарды жасырылған салықтар мен төлемдерді, айыппұлдық және әкімшілік санкцияларды қоса есептегенде, бюджетке өндіріп алу жөнінде оны іске асыру және шаралар қабылдау үшін салық органдарына беруге;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаментіне мақсатсыз тұрғыда пайдаланылған бюджеттік қаражаттарды, ағымдағы қаржыландырудың есебіне есептеуді жүргізу жөнінде ұсыныс енгізуге

құқығы бар.

## VI. Лауазымды тұлғалардың жауаптылығы

11. Комитет пен оның аумақтық органдарының лауазымды тұлғалары өздеріне жүктелген міндеттерді жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары мен осы Ережені қатаң басшылыққа алуға, тексерулер мен тексерістер жүргізу кезінде алынған мәліметтерді тек қызметтік мақсатта пайдалануға міндетті.

12. Лауазымды тұлғалар өз міндеттерін орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны және мемлекеттік және коммерциялық құпияларды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылықта болады.

## VII. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

13. Комитетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын Төраға басқарады.

14. Төрағаның оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметінен босататын екі орынбасары болады.

15. Комитеттің төрағасы Комитеттің және оның аумақтық органдарының қызметіне басшылық жасайды, Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы және олардың өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады.

16. Комитеттің төрағасы:

өзінің орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен жауапкершілік деңгейін белгілейді;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі бекіткен номенклатураға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

тәртіптік жаза қолданады;

өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдары туралы ережелерді бекітеді;

өз құзыретінің шегінде қолданылып жүрген заңға сәйкес мемлекеттік органдар мен ұйымдарда Комитетті білдіреді;

өзінің құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер бойынша шешім

қабылдайды.

17. Қалалық және аудандық бөлімдердің қызметкерлерін (басшыларынан басқа) қызметке қабылдауды және босатуды, қаржыландыруды және оларды ұстау жөніндегі шығыстарды есептеуді, қажет болған кезде қызмет көрсететін банк мекемелерінен ақша қаражатын аудару үшін атаулы ағымдағы шоттар ашу арқылы Комитеттің облыстар, Ақмола және Алматы қалалары бойынша басқармалары жүзеге асырады.

18. Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлері материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету және медициналық қызмет көрсету жағдайлары бойынша, ал Комитеттің басшылары көліктік қызмет көрсету жағдайлары бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі орталық аппаратының қызметкерлеріне теңестіріледі.

19. Комитетті тарату мен қайта ұйымдастыру заңдарда белгіленген тәртіппен жүргізіледі.